

ӘОЖ 2.86.3

Н.Ж. Байтенова, А.Қ. Дүйсенбаева

Исламдағы сопылық бағыт және оның Қазақстанда таралуы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Аннотация. Мақалада исламдағы маңызды бағыттың бірі суфизмнің Қазақстанда таралуы туралы, сонымен қатар суфизм поэзиясының негізін салушы, Шығыс мұсылмандарының рухани ұстазы бола білген, мұсылман өкілдерінің ішіндегі көрнекті қайраткері, көзі тірі кезінің өзінде үлкен құрметке ие болған А. Ясауидің (1093-1166) еңбектері мен суфизмнің Қазақстанда таралуына қосқан үлесі туралы болып отыр. Қыпшақ тілінде жазылған «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) бабамыздан мұраға қалған баға жетпес құнды еңбек. А. Ясауидің шәкірттері және суфизм ілімін ұстанушылар А. Ясауи ілімін әлемнің барлық түкпіріне таратты. Қожа Ахмат Ясауидің арқасында түркі халықтарының рухани дүниетанымында суфизм философиялық жүйе ретінде өте маңызды рөл атқарды.

Түйін сөздер: ислам, суфизм, зікір, хикмет, гипноз, дін.

Ислам діні ішіндегі ерекше бір төбе болып табылатын, тек қана сана мен сенім арқылы емес, сонымен қатар құпиялығы мен мистикаға толы бағыттың бірі – суфизм. Суфизм туралы айтылған ой-пікірлер мен жазылған зерттеу жұмыстары қаншалықты көп болғанымен, әлі де зерттеуді қажет ететін қыр-сырлары толып жатыр. Қалыптасқан көзқарастардың өзінде қарама-қайшы пікірлер мен сыни көзқарастарды да кездестіруге болады. Әйтсе де сопылар Сарий ас-Сақати (865 ж.) «Сопылық көркем ахлақ (мораль)», Абу Хафс ан-Найсабури (883 ж.) «Сопылық толығымен әдеп (этика)», Абу аль-Хусайн ан-Нури (907 ж.) «Сопылық нәпсінің құмарлықтары мен талаптарын тәрк ету» атты еңбектерінде айтып кеткен сопылық ілімінің рухани тазалығымен қатар адам жанының, ішкі жан дүниесінің кемелдену жолы екендігі ақиқат [1]. Сопылықты зерттеуші Идрис Шахтың пікірінше: «Сопылық негізі – махаббат. Сопылық қызметі махаббат күшінің көмегімен іске асып, адам өмірінде, поэзияда және жұмыста көрініс табады» [2].

Мұсылмандық мистицизм туралы батыстық зерттеулердің еңбектерінде кездеседі: Фриц Майер [3], Л. Массиньон [4], Маргарет Смит [5], А. Арберри [6], Жорж Анавати және Л. Гарде [7], М. Моле [8], А. Шиммель [9], Дж. Болдиком [10], Дж.С.Тримингэм [11].

Суфизмнің құпиясын зерттеуде шығыстанушы ғалымдар арасында түрлі пікірлер бар. Кейбір авторлардың пікірінше, мысалы, А.Д. Кныш өзінің «Мұсылмандық мистицизм» кітабында бұл тақырып төңірегінде батыс пен шығыстың

көзқарасы екі бөлек екендігі, яғни сырттай зерттеудің әсерінен батыстық түсініктің шығыстық болмыстан айырмашылығы бар екенін айтады.

Сондықтан да сопылық туралы пікір айтқанда, сопылық ұғымының мән-мағынасын толыққанды зерттеп қана, яғни біржақты көзқарасты ұстанбай, орта жолды негіздеу арқылы қарастыруымыз қажет екені анық, «Суфизмнің іргелі категориясы – білім культі, парасат және махаббат культі. Суфизм тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізі. Суфизм – бұл терең тұлғалық дүние түсінік» [12].

Ислам дініндегі «Тасаууф» (сопылық) – діни-мистикалық ағым. Ғалымдардың пікірінше «тасаууф» (сопылық) сөзінің түбірі «суфәтүн», жүн, түк сөзінен шыққан. Себебі сопылық жолын ұстанушы өзін Аллаһтың құзырына тасталған жүн тәрізді сезінеді дейді. Ал басқа бір пікір бойынша, «сыфатун» қасиет деген сөзден тараған [13]. Сопы өз бойына адамзаттың асыл қасиеттерін жинаған адам десе, енді бір ғалымдар «тасаууф» сөзі – «сафа», яғни тазалық сөзінен шығады деген пікірді ұстанады.

Жалпы «тасаууф» сөзі «Құран Кәрімде» немесе Суннада айтылмаған. Бірақ бұл исламның алғашқы кездерінде рухани тазару тәжірибесі болмады дегенді білдірмейді, оған дәлел Мұхаммед с.ғ.с кезінде өздерінің рухани кемелдігімен өзгелерден биік тұратын, сонымен қатар аскеттік өмір сүрген мұсылмандардың өмірі. Тек ол заманда оларды сопылар деп атамаған, олар пайғамбардың шәкірттері немесе сахабалар деген атауға ие болған. Ал сахабалар-

дан кейінгі ұрпақты табиундар, одан кейінгілерді ат-табиундар деп атаған. Аталғандардың біріне Абу Зарру аль-Гифариді немесе Салману аль-Фарисиді жатқызуға болады. Хижа жыл санауының II ғасырынан бастап мұндай өмір салтын ұстанатын діншілдерді суфиилер деп атай бастады. Алғашқы суфии деген атқа ие болған мұсылмандық тақуа Джабир ибн Хаййан (150/767 қайтыс болған) немесе Абу Хашим атты тақуа. Бұл екеуі де куфалықтар [14].

Сопылық ұстанымы – Аллаһты үнемі еске алу, нәпсімен күрес, ғибадатты ықыласпен орындау, ыждаһаттылық және сабырлықпен амал ету.

Құран Кәрімде зікір ұғымының мәні – еске алу, яғни Аллаһты намаз, ораза, тәубе, ғибадат, дұға арқылы еске алу.

Құран Кәрімде: «Негізінде, бұл Құран әлемдерге зікір – насихаттан басқа нәрсе емес». «Қалам» сүресі, «Аллаһ сендерге бір зікір (Құран) түсірді» «Талак» сүресі, 10-аят зікірге осылай деп түсініктеме берген [15].

Сопылық мақамдардан тұрады. Құлшылық етуші (ғабит) – тақуа (захид). Бұл мектептердің өзіне тән әдісі, жолы және мақсаттары бар. Сопылықтың ортақ ұстанымдары – Аллаһты және Пайғамбарды сүю, тақуалық, дүниеге қызықпау, Аллаһқа риза болу. Тариқат жолына түсуші Шарифат заңдарына бағынып, дүниелік күйбең тіршіліктен бас тартып, өзін Жаратушыға арнағанын қабыл алады. Жаратушының еркіне бой ұсынып, бүкіл ойы мен іс-әрекетін Жаратушыға бағыттайды. Сонымен қатар өзінің бүкіл болмысы мен өмірін Жаратушының қалауына береді. Осылайша, сопы Ақиқатқа толық сіңіп кетеді.

Сопылық тарихын зерттеушілердің пікірінше, сопылық IX-X ғасырларда Таяу және Орта Шығыс елдерінде, Солтүстік-Батыс Африкада кеңінен таралды. Жалпы ірі суфиілік мектептер VI/XII – IX/XV ғасырларда пайда болып тарала бастаған (қадириттер, ясауишылдар, рифаиттер, сухравардиттер, чиштиттер, шазилиялықтар, мавлавитшілдер, бадавиттер, дасукиттіктер, нақшбандияшылар, хальватиттер, байрамиттер, бекташылар).

Ислам діндегі сопылық бағыттың елімізде таралу тарихына келетін болсақ, онда сопылық ілімнің түркі халықтары арасында таралуының бастауын XII-XVII ғасырларға жатқызуға болады. Түркістан, Бұқара қалалары сопылық ілімнің түркі-, парсытілдес халықтардың арасында таралуында зор рөл атқарды. Орталық Азияда сопылықтың Баха ад-дин Нақшбанд (Нақшбандия), Әбдәл-Қадир Жейлани (Қадария),

Наджм ад-дин Кубра (Кубравия), Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған тариқаттар таралған.

Түрік ғалымы, доктор М. Көпрулу өзінің «Түрк әдебиятында илк Мутасаввифлар» атты кітабында Ахметтің әкесі Сайрамдағы Хазрет Әлидің әулеті Ибраһим атты шейх екенін айтады. Әкесі Ибраһим мұсылманша сауаты бар, сөз қадірін білетін білікті адам болған. Анасының аты – Қарашаш.

Сопылық «мистикалық» ағымның түркітілдес тармағының негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауидың өмірбаяны жан-жақты, толық бізге белгілі емес. Өмірінің кейбір деректері ғана жетіп отыр. Ол әлі ғылыми зерттеулерді, ізденістерді қажет етеді. Ұлы бабамыздың туған күні мен жылы белгісіз. Бірақ Әбсаттар Дербісәлі қажының жазған деректеріне сүйенсек Қожа Ахмет Ясауи 1093 немесе 1094 жылы туған делінеді. Өлген жылы – 1166. Қожа Ахмет Ясауидің қанша жыл жасап, ғұмыр кешкені әлі де болса нақтылы емес. Бір деректе 73 жас, бірде 85 жасты айтады. Халық аңыздарын негізге ала отырып, Жүсіпбек Аймауытұлы, Ахмет Ясауиді 125 жыл өмір сүрді дейді. Оны растайтын «Хикметте» мынадай өлең жолдары бар.

Иер устида улмас бурун тирик улдим,
Алтмиш учта суинат деди иштіб билдім.
Иер астида жаным била кулик қилдим,
Иттиб, укиб, иерга кирді Кул Қожа Ахмад.
Ираилардин фаиз уа фатух алалмадим.
Иуз Игрима бишка кирдим билалмадим.
Хақ тағала тағатларын, Қылалмадым,
Иштиб, уакиб перға кирди Қел Қожа Ахмад [16].

Осы жолдарды негізге алсақ, Қожа Ахмет Ясауи жаңа санақ бойынша 1041 жылы дүниеге келген болып шығады. Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен одан қалған асыл мұралары әлі де көп ізденістерді, ғылыми зерттеулерді керек етеді.

Білімін жетілдірген соң Түркістан (ол кезде Ясы деп аталған) шаһарына келіп тұрады.

Белгілі ғалым В. Бартольдтің айтуында Түркістан VI ғасырдан XV ғасырға дейін Ясы деген атпен белгілі. Ал шығыстанушы ғалым Ә. Дербісәлі қаланың әуелде Шауғар деп аталғанын, кейінірек Ясы болып кеткенін айтады.

Ахмет Ясауидің ержете келе Түркістанға келуі дінге байланысты болса керек. Ол өлендерінде:

... Он жетімде Түркістанда тұрдым, міне
Он сегізде Шілтеменен шарап іштім,
Рузы қылды, Жәннат кезіп қорлар құштым,
Хақ Мұстафа жүздерін көрдім, міне...

Ата-анасынан ерте айырылған ол атақты түркі шейхы Арыстан баб және Жүсіп Хамадани деген шейхтардан тәлім-тәрбие, білім, бата алады. Білімін Бұқарадан жалғастырады. Өзінің ұстазы қайтыс болған соң көп ұзамай туған қаласына оқымысты адам, сопы ретінде қайтып оралады.

Ахмет Ясауи Бұқара қаласында Юсуф Хамаданидан діни білім алғаннан кейін, Түркістанға келіп, сол кезде Орталық Азияда кең тараған сопылық, діни-тақуалық идеялардың ірі насихатшысына айналады.

Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы – «Диуани Хикмет» (Хикмет жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Содан кейін ол Стамбул, Қазан, Ташкент қалаларында бірнеше қайыра басылады. Соның бірі 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын.

«Диуани Хикметте» негізінен төрт нәрсеге аса көңіл бөлінеді. Олар: шариғат, тарихат, хакихат, мағрифат. «Шариғат» – ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы, «тарихат» – сопылықтың идеясы, сопылық мүддесіне жеткізген жол, «хакихат» – құдаймен бірігу оған жақындау, «мағрифат» – дін жолын танып, оқып-білу. Ахмет Ясауидің пікірінше, «шариғатсыз», «тарихатсыз», «мағрифатсыз» «хакихат» болуы мүмкін емес:

... Ути ғұмырым шариғатқа неталмадым,
Шариғатсыз тарихатқа уталмадым,
Хақиқатсыз мағрифатқа баталмадым,
Катиг иулар пырсыз ничук утар достлар.
... Өтті өмірім шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тариқатқа өте алмадым,
Хакихатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтем достар...

Ясауи өз хикметтерінде сопылық дін ілімі туралы өте көп әрі шын беріле айтады, ол бұл шын мәніндегі білім деп айтады, ал сопылықтың барлық ұсақ-түйегін білмейтін адамды ол «надан», «түк білмейтін», «жалған сүйөші», «жалған сопы» деп есептеді.

«Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағым, Баға жетпес інжуімді құнын білмеске сатпағым», – деп, бар жандүниесімен сопылыққа берілген Ясауи, «егер мен басымнан айырылсам да, бұл жолдан маған жалт беру жоқ», – дейді.

Ахмет Ясауи арқылы сопылық түркітілдес халықтардың рухани танымында шешуші орын алды. Сопылық философиялық жүйе ретінде адамдардың дүниетанымының қалыптасуына үлкен ықпал жасады.

Ясауи тариқатында «Жария зікір» – дауыстап зікір салу дәстүрі болған. Қожа Ахмет Ясауи көз жұмғаннан кейін, Ясауи тариқаты бірнеше ғасырдан соң жойылған.

XV ғасырда Ясауи тариқатының орнын басқан Мұхаммед Баһауидин Нақшбанди сопылар үшін «жария зікір» жасауға тыйым салған. Нақшбанди тариқатының ұстанымы – зікірді іштей айту. Орталық Азия халықтары арасында нақшбандия тариқаты, Солтүстік Кавказ халықтар арасында қадария тариқаты кеңінен таралды. Сопылық ілімінің негізгі тіректері: шариғат, тариқат, мағрифат, ақиқат. Шынайы сопы осы жолдардан өтуі тиіс. Сопылықтың негізгі ұғымдары – Таухид, Тәуекел, Шүкіршілік, Тәуба, сабырлылық, амал-әрекет, пақыр, махаббат, ғашықтық, мағрифат (таным), талап және т.б. Сопылар Жаратушыны тану және жаратушыға деген махаббатқа жету жолында руханилық және ішкі тазалыққа мән береді. Сопылық ұғымы ислам аясындағы аскеттік және мистикалық ағымын көрсетеді. Орталық Азияда сопылық тариқаттары XII-XVII ғасырларда пайда болды. Ясауи тариқатының түркі халықтары арасында ислам дінінің таралуына өзіндік орны бар. Ясауи тариқатының негізінде бекташийа тариқаты пайда болды. Бекташийа тариқаты қазіргі кезде Балқан аймағындағы мұсылман халықтары арасында әлі де сақталған. Сопылық XVIII ғасырда Солтүстік Кавказға дейін жетті. Сопылық – нәпсіні тежеп тәрбиелеу жолымен кемелдікке жету. Сопылық ілімінде жүрек адам болмысындағы маңызды орган. Сопылық – бұл тақуалық пен көркем мінезділікке тәрбиелейтін білім жолы. Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде сопылық жолының шарттары туралы былай дейді:

Шарттарын ұққан ғашық Шариғаттың,
Тариқат жалығын да білгір достар.
Ада қып бар жұмысын Тариқаттың,
Хақиқат дариясына сүңгір достар.
Шариғатсыз қадам қоймас Тариқатқа,
Тариқатсыз қадам қоймас Хақиқатқа,
Бұл жолдардың негізі бар Шариғатта,
Бәрін оның Шариғаттан білмек керек... [17]

Қазіргі «сопылар» және олардың ұстанымдарына келетін болсақ, ол туралы «Қазақстандағы діндер» атты кітаптың авторлар ұжымы жан-жақты талдап берген. Осы кітапта көрсетілгендей, елімізде 1990 жылдардың соңына қарай өздерін «ясауишілер немесе сопылар», ал былайғы жұрт «зікіршілер» деп атайтын топ пайда

болды. Рухани ұстаздары Пәкістандық Исма-тулла Мақсұм. Ол 1997 жылы Алматының жанындағы Қарасу мешітіне келіп, мүридтер (шәкірттер) дайындай бастайды. Исмадулланы мүридтері пір, «тақсыр» деп атайды. Шәкірттер арнайы қырық күнге созылатын оқудан (шілеханадан) өтеді. Шілеханадағы оқу тәртібі қатал, мүридтер мейлінше оқшау жағдайда, яғни пірдің рұқсатынсыз бөгде адамдармен сөйлесуге, шілеханадан шығуға, күнделікті баспасөз, кітап оқуға тыйым салынады. Пірдің жетекшілігімен алқа топпен зікір салады.

Зікіршілердің зікірі «алқа зікірі» және «ара зікір» деп екіге бөлінеді. Екі «үш сағатқа созыла-тын зікір» салу психотехникасы мен әдісі белгілі бір сөздерді (ху, хай) айқайлап айтып, бастарын бұлғақтатып, селкілдеп отыруға және белгілі бір ырғақпен билеуге негізделеді.

Қазақстандағы жария зікірді ұстанушылар қатарында түрлі әлеуметтік топ мүшелері кезде-седі. Топ мүшелерінің көбі рухани ізденістерде жүргендер, жанына жұбаныш, сырқатына шипа іздегендер, жұмыссыздар болып отыр.

Қазіргі заманғы сопылардың зікірі – гипноз. Гипноз адамды транс күйіне түсіреді. Гипноз эндоморфинді шығарады, бірнеше рет трансқа түскен адам зікір салуға мұқтаж халге душар бо-лады. Сол себептен тек пір ғана мүридті бұл хал-ден шығара алады. Транс күйіндегі мүрид пірдің кез келген бұйрығын орындайды. «Зікір» салудың психотехникасы мен әдісінің қауіпті тұсы осында.

Зікіршілер үгіт-насихаттарында халық ауыз әдебиетін, аңыздары мен ұлтымыздың ардақты тұлғалары Абай, Шәкәрім шығармаларының әр жерінен алып өз мақсаттарына пайдаланады. «Со-пылар» ұлттық идея, ұлттық дүниетаным, ұлт ру-ханияты туралы көзқарастары арқылы өздерінің қатарына білімді, білікті жастарды тартады.

«Сопылар» өздерінің идеологиялық жұмысын қоғамдық бірлестік негізінде жүргізетіндігіне жоғарыда аталған кітаптың авторлық ұжымы ерекше назар аударады. «Сенім. Білім. Өмір» қоғамдық бірлестігі Әділет министрлігінде 2002 жылдың мамыр айында тіркелген. Кезінде «сопылардың» идеологиялық насихатының ошағы «Қазақстан» телерадио корпорациясы, облыстық филиалдары және «Қазақ» радио-сындағы бірқатар хабарлар болды.

«Сопылардың» діни ұстанымдарын наси-хаттайтын бірнеше дүниетанымдық және тағы-лымдық пікірталас клубтары ашылып, жұмыс жасады. Алматы қаласында «Әбжат» дүние-танымдық клубы жұмыс жасайды.

Алматы, Семей, Ақтау қалаларында «сопы-лардың» үгіт-насихаттары арқасында дүниета-нымдық және діни көзқарастарын таратудың жемісі болды. «Сопылардың» өз қатарына жоғары оқу орындарының студенттерін тар-туы болашақта ұлтымыздың діни бірлігі мен ынтымағына кері әсерін тигізуі мүмкін. Кезінде Бағдатта саяси билікке келген сопылық орден-дер сұхбат – жамағат – шухрат – опат тактикасын қолданған. Сұхбат – адамдарды тарту, жамағат – қауымға ұйысу, шухрат – атақты болу, ықпал ету, опат – «жамағат» еместерді өз қатарына қосу.

«Сопылар» ұстаздары Исмадулла Мақсұмның «Жария зікірдің дәлелі», «Құран сырларының әліппесі» атты кітаптарын мақтап жарнамалап баспасөз мәслихатын өткізген.

Қазіргі Қазақстан территориясында «Сопы-лар» діни ұйымымен қатар, басқа да исламилық ағымдар орын алып отыр, солардың қатарына Таблиғи жамағат исламилық діни ұйымы жата-ды. Тағы да «Қазақстандағы діндер» кітабына жүгінетін болсақ, авторлардың жазуы бойынша Таблиғи жамағатының негізін қалаған Мұхаммет Ілияс әл-Кандаһлауи (1885-1944) Үндістанның Кандаһла штатының Саһарнуфур деген елді мекенінде дүниеге келген. Оның ұстазы сол өңірге танымал болған ғалым Абдулқадір әр-Роий. Ха-нафи мезһабының ең үлкен медресесі Диубинтте білім алған. Мұхаммет Ілияс әл-Кандаһлауи 1926 жылы таблиғшылардың негізін салып, өмірінің соңына дейін жамағатқа басшылық жасаған. Бұл ұйым аз уақыт ішінде көршілес Пәкістан мен Бангладеш елдеріне тарап, қазіргі кезде Сирия, Иордания, Палестина, Ливан, Мысыр, Судан, Ирак және Еуропаның бірқатар елдеріне тарап отыр. Ұйымның штаб-пәтері Пәкістанның Ра-винд қаласында орналасқан. Кейбір деректер бойынша ұйым мүшелерінің саны 70-80 млн шамасында. Таблиғи жамағатының қызметіне Ресейде, Тәжікстанда, Қырғызстанда тыйым салынған.

Таблиғи жамағаттың топ жетекшісі өз тобын-дағыларға (екі-бес адамнан құрылған топ) Аллаһ жолына (үгіт жасауға) шақырады. Мұндай үгіт әдісін олар «харуж» («жолда») деп атайды. Топ мүшелері жетекшісіне сөзсіз бағынып, қатаң тәртіпке сүйенеді. Осылайша, олар кәсіби мисси-онерлерге айналады. Ұйым белсенділері жылына 40 күн, айына 3 күн, күніне 2 сағат уақытын дағуат жолына арнауы керек. Бүгінгі уақытта Оңтүстік Азия және Батыстың кейбір елдерінде жамағат қамқорлығындағы түрлі исламдық орталықтар мен діни оқу орындары және мешіттер де бар.

Жамағат ілімі өткінші және мәңгілік дүниеде адамды бақытқа жеткізетін тақуалықтың алты қағидатын ұстанады:

- кәлима шахаданы жүректе бекітіп, тілмен айту;
- бес уақыт намазды шынайы және тиісті деңгейде орындау;
- ислами ілім алу және Аллаһты зікір ету;
- мұсылман бауырларға құрмет және олардың бірлігін дәріптеу;
- игі істерді ықыласпен орындау, яғни Аллаһ ризашылығы үшін жасау;
- исламға шақыру (дағуат).

Осы соңғы қағиданы орындау үшін олар елді мекендерді аралап, тіпті шет елдерге де сапарға шығады.

Межелі елді мекенге жетісімен оны аралап, дағуат жасап, дінге шақырады. Дағуатшылар дағуат уақытын «Баян» немесе «Хұтпа» деп атайды [18].

Қазақстан халқының толеранттылығы мен дінаралық төзімділігі жарасымдылығын сақтау және әрі қарай дамыту үшін дінтану ғылымы саласында қазақ жеріндегі діндердің тарихы мен бүгінгі көрінісі жайлы әлі де талай зерттеулерді қажет ететіндігі айқын. Дін тақырыбы, қашан да күрделі де маңызды тақырыптардың бірі, әйтсе де ол ғылым саласымен ұштаса отырып жаңа белестер мен танымдық білімнің артуының үйлесімі бола бермек.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. – Алматы, 2006. – 3 б.
- 2 Идрис Шах. Суфизм. 1-басылым. – М.,

1994. – 446 б.

3 Meier F. Soufisme et declin culturel. – Classicisme et declin culturel dans l'histoire de l'Islam. – P. 1957.

4 Massignon L. Essay on the Origins of the Technical Language of Islamic Mysticism. Indiana, 1997

5 Smith M. An Early Mystic of Bagdad. – London, 1935.

6 Arberry A.J. Sufism. – L., 1950.

7 Anawati G., Gardet L. Mystique musulmane: Aspects et tendances, experiences et techniques, 3rd ed. – Paris, 1976.

8 Mole M. Les mystiques musulmans. Paris, 1965.

9 Schimmel A. Mystical Dimensions of Islam. Chapel Hill, NC, 1975

10 Baldick J. Mystical Islam: An Introduction to Sufism. – L., 1989.

11 Тримингэм Дж. С. Суфийские ордена в исламе. – М., 2002.

12 Кныш А.Д. Мусульманский мистицизм. Краткая история. – М., – С.Пб., 2004.

13 Әуезов М. Суфизм в Иране и Центральной Азии // Материалы международной конференции (2-3 мая 2006 г.). – Алматы, 2007. – 4 б.

14 Байтенова Н.Ж. және т.б. Қазақстандағы діндер. – Алматы, 2009. – 238 б.

15 Исламский энциклопедический словарь. Али-Заде. – Ансар, 2007. – 400 б.

16 Ислам және иман негіздері. – Алматы, 2007. – 256 б.

17 Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер. – Алматы, 2000. – 97 б.

18 Байтенова Н.Ж. және т.б. Қазақстандағы діндер. – Алматы, 2009. – 238 б.

Н.Ж. Байтенова, А.К. Дүйсенбаева

Суфизм как направление ислама и ее распространение в Казахстане

В данной статье рассмотрена история распространения одного из важнейших направлений Ислама в Казахстане – Суфизм. А также об основателе поэзии суфизма, ставшего духовным наставником для всех мусульман Востока, религиозного деятеля, прозванного «Святейшим султаном». Немеркнувшее в веках драгоценное наследие нашего предка «Дивани хикмет» («Книга мудрости») – написано на кипчакском диалекте древнетюркского языка. Проповедники суфизма и ученики А. Ясауи (1093-1166 гг.) распространили его взгляды по всему миру. Ходжа Ахмет определил направление духовного развития тюркских народов в новой исламской цивилизации. Благодаря А. Ясауи, суфизм как философская система сыграл решающую роль в духовном миропонимании тюркских народов.

N. Baitenova, A. Dysenbaeva

Sufism as the direction of Islam and its raspostraneniye in Kazakhstan

This article reviews the history of the spread of one of the most important areas in Kazakhstan, Islam – Sufism. And also about the founder of Sufi poetry, which became the spiritual leader of all Muslims of the East, religious leader, nicknamed «the Sultan of His Holiness.» Unfading through the centuries the precious heritage of our ancestors – «Diwani Hikmet» («Book of Wisdom») – written in Kipchak dialect of ancient Turkic language. Sufi preachers and students of Yasau A. (1093-1166) – spread his views around the world. Khoja Ahmed identified the direction of spiritual development of the Turkic peoples in the new Islamic civilization. Thanks to A. Yasau the Sufism played a crucial role as a philosophical system in the spiritual worldview of the Turkic peoples.